

ӘОЖ 341.7

А.Р. Әліпбаев*, Б. Шакеева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: aman19@mail.ru

Қазақстан Республикасы ИЫҰ-ның «Іс-әрекеттердің онжылдық бағдарламасына» қосқан үлесі

Аңдатпа. Осы мақала Қазақстанның ИЫҰ СІМК төрағалығы кезіндегі рөлін қарастырады. Сонымен қатар еліміздің «Іс-әрекеттердің онжылдық бағдарламасы» шеңберінде салған үлесі мен іс-әрекеттері талқыланады. Қазақстан мұсылман әлеміне модернизация, заманауи даму үдерістерімен дем беріп, Батыс елдерімен қатынасты, ынтымақтастықты дамытуда көпір сияқты іс атқарып, ЕҚЫҰ төрағалығында жинаған бар тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар «ислам бірлігі» тұжырымдамасына талдау жасап, оның араб әлемінде бой алған «Араб көктемі» атымен танымал 2011-2012 жж. толқулардан кейін өзектілігін және ықпалын сараптайды.

Түйін сөздер: Ислам ынтымақтастық ұйымының Сыртқы істер министрлер кеңесі, «Араб көктемі», Ислам Даму Банкі, модернизациялау стратегиясы.

Халқымыздың рухани мәдениетінің ислам өркениетімен ежелден тамырлас екені баршамызға мәлім. 1995 жылдан бері ИКҰ-ға мүше мемлекет ретінде Қазақстан әр уақытта да бұл ұйымның атқарып келе жатқан іс-шараларына белсене араласуда.

Бүгінгі ИЫҰ – үлкен әрі толығымен пайдаланбаған әлеуеті бар, қазіргі кезге лайық, болашаққа бағытталған ұйым. ИЫҰ Бас хатшылығы мен құрылымдық бөлімшелерінің жұмысы жоғары кәсіби деңгейде өтіп, халықаралық өлшемдерге сай болып келеді.

Қазақстан мен ИЫҰ ынтымақтастығы жемісті дамуда. Біздің еліміздің ұйымдағы мүшелігі ИЫҰ-ға мүше мемлекеттермен тиімді байланыстарды орнатуға, ислам кеңістігінде саяси және экономикалық үдерістерге Қазақстанның белсенді қатысуына, сондай-ақ Қазақстанда ірі экономикалық жобаларды іске асыруға қаржылық қорларды тартуға мүмкіндік жасады.

Бұл ынтымақтастық бірқатар факторларға байланысты өте маңызды. Ұйымдағы экономикалық жағынан дамыған елдердің көпшілігі Қазақстанның сауда-экономикалық және инвестициялық әріптестері болып табылады.

Парсы шығанағындағы араб елдері Астана құрылысына белсене қатысқанын атап айту шарт. Олардың басқа да ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға атсалысқаны тағы белгілі.

Қазақстан Республикасы 15-16 қарашадағы 39-сессияда салтанатты түрде «Бейбітшілік, ынтымақтастық, Даму» ұранымен өткен Ислам ынтымақтастық ұйымының Сыртқы істер министрлер кеңесінің төрағалығын Джубиттиге берді. Қазақстанның Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысов конференцияда еліміздің ИЫҰ СІМК төрағалығы, әсіресе бұл төрағалық қиын геосаяси және жаһанды экономикалық өзгерістер кезінде болған, отандық дипломатия тарихында маңызды оқиға деп бағалады [1]. Төрағалық кезінде Қазақстан Сомалидегі гуманитарлық дағдарыс, Палестина мәселесін бейбіт шешу, «Араб көктемі» сияқты өзекті мәселелердің шешімін іздестірді.

«Араб көктемінің» салдарынан бір жарым жылға созылып кеткен төрағалықта Қазақстанның қосқан еңбегі зор. Еліміз төрағалықтың күн тәртібін ұйымның дамуы мен саяси-экономикалық жаңғыруына негіздеген:

1. *Қазақстан ұйымның атауы мен эмблемасын ауыстырды.* Ұйымның атын өзгерту жөнінде ұсыныс СІМК деңгейінде сонау 1974 жылы СІМК 5-сессиясында, яғни ұйымның жарғысын қабылдағаннан кейін бір жылдан кейін, алғаш рет ұйымның атын өзгерту ұсынысы пайда болды. Олардың ішінде «Мұсылман мемлекеттерінің ұйымы», «Ислам ұйымы», «Мұсылман халықтарының ұйымы» сияқты ұсыныстар болған [2]. Бірақ біздің ойымызша, «Ислам ынтымақтастық ұйымы» атауы ұйымның негізін толығымен ашады. Сонымен қатар 2005 жылы қабылданған «Іс-әрекеттердің онжылдық бағдарламасы» 1-бөлімінің 11-тарауында ұйымның атауын ауыстыру қарастырылған болатын [3]. Бұл – Қазақстанның жоспар бойынша іс-шараларды атқарып жатқанының дәлелі.

2. *Тек атауын ғана ауыстырмай, ұйымға жаңа леп, жаңа мазмұн беруге тырысты.* Қазақстан төрағалық қызметінің мақсаты – әлемдік және өңірлік деңгейде ИКҰ беделі мен әлеуетін арттыру, халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты сақтау мен дамытуда Ұйымның әлеуетті тетігін жақсарту мен нығайтуға жұмылдыру. Ұйым қызметін жаңа жағдайға сай жаңғырту дегеніміз – адам өмірін ардақтау құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, діни төзімділік пен адамзатқа ортақ құндылықтарды ұлықтау, экономикалық дағдарыстарды болдырмаудың жолдарын шешу, бейбітшілік пен тұрақтылық, қауіпсіздікке қол жеткізу. «Іс-әрекеттердің онжылдық бағдарламасында» ИБҰ реформалау, қызметін жетілдіру, аймақта рөлін нығайту міндеті қойылған. Сондықтан Қазақстан тарапынан 6 аймақтық кеңселерді құру бастамасы ұсынылды. Олардың біреуін Астанада орналастыру жоспарланған.

3. *Ислам әлемін Батыс елдерімен байланыстарды нығайтуға бар жағдайды жасады, еліміз Батыс пен Шығыс арасында көпір тәрізді іс-әрекет етті.* Қазақстан ғасырлар бойы Шығыс пен Батысты байланыстырып отырған. Қазақстанның батыс пен шығыс арасындағы диалогты жүзеге асыруы төмендегі механизмдермен сипатталады:

– әлемдік қауіпсіздікке нұқсан келтіріп отырған діни топтарды бірігіп құрықтау арқылы екі тарап арасындағы мүддені тоғыстыру;

– ислам діні және өзге де діндер арасындағы бейбітсүйгіштік ерекшеліктерді кеңінен таныту.

Бұған әлемдік діндер диалогын өткізу өзіндік дәлел бола алады;

– батыс елдеріндегі исламға қарсы партиялар мен топтарды Ислам елдеріндегі радикалды қозғалыстармен бейбіт мәмілеге келтіру. Нәтижесінде қарсылас екі тараптың өзара әрекеттерін белгілі бір деңгейде шектеуіне үлес қоса алады;

– халықтың діни наным-сенімін саясат құралы ретінде пайдаланып, сол арқылы дауыс алып отырған партиялар мен қозғалыстарды сынға алу.

4. *Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы жүйесін құру.* Бұған Ислам даму банкі және ұйымға мүше елдердің азық-түлік қоры топтары жүйесінде FAO үлгісіндегі аймақтық қордың құрылуы негіз болар еді. Оның штаб-пәтерін азық-түліктің экспорттық әлеуетін белсенді дамытушы ел ретінде Қазақстанда орналастыруды ұсынды. Бір жағынан, Қазақстан өзінің бидай сату нарығын кеңейтуге барлық мүмкіндіктері бар, ал екінші жағынан, ислам әлеміндегі көптеген елдердің аштық мәселесін шешуге ықпал етеді. Қазіргі кезде Қазақстан мен Ислам даму банкі ислам әлемінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нақты қаржы механизмдері жөнінде келіссөздер жүргізіп отыр [4]. Еліміз Ауғанстан, Иран және басқа да ИБҰ-ға мүше елдеріне тез әрі ұтымды бағамен астық жеткізу жоспарланған тұжырымдамасын ұсынды.

5. *Исламдық G10.* Қазақстан ислам әлемінде дамушы 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Мемлекеттер арасында экономикалық дамуда тәжірибе алмасу форумын құру көптеген мәселелердің алдын алуға ықпал етеді. Халықаралық қатынастар тәжірибесі көрсеткендей, G8 дамыған елдердің, G20 дамушы елдердің форумдары ағымдағы өзекті мәселелерді шешу ынтымақтастығын қамтамасыз етеді. Ислам әлемі елдерінің экономикалық ынтымақтастығы шеңберінде жаңа бағыт қалыптастыру заман қажеттілігі. Бұл үшін Дүниежүзілік ислам экономикалық қоры негізінде он жетекші мұсылман қауымдастығы елдерінің экономика саласына арналған сұқбат алаңын құруды ұсынады. Әсіресе әлемдік экономикалық-қаржылық дағдарысқа төтеп берген Ислам даму банкі негізінде бұл форумның болашағы зор деп қарастырылады.

6. *Ислам әлемін жаңғырту стратегиясы ұсынылды.* Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде: «Әлем тұрғындарының бестен бір бөлігін құрайтын мұсылман әлемі өзінің экономика саласындағы әлеуетіне мүлдем сай келмейді. Мысалы, үлкен сегіздіктің ішінде мұсылман үмбетінен бірде-бір ел жоқ... Мұсылман елдері айтарлықтай жаңғыртудан өтуге тиіс. Мұны қолға алмасақ, тарихи тұрғыдан артта қалу тағы да жүз жылға созылып кетуі мүмкін», – деген еді [5]. СІМ Кеңесі әлеуметтік-экономикалық даму қоғамның тұрақтылығында үлкен рөл атқаратынын ескере отырып, мұсылман әлемінің экономикасын дамытуға бар қолайлы жағдайларды жасауға келісті. Бұл сауданы дамыту, көмек көрсету, мұсылман қоғамын жаңғырту үшін білім мен инновацияның дамуына ерекше көңіл бөлу және т.с.с. «ИЫҰ-ға басқа мүше мемлекеттердің, ұйым хатшылығының бізге көрсеткен қолдауын қабыл ала отырып, біздің әрекетіміз ИЫҰ ұстанымын нығайтып, ұйымның «Іс-әрекеттердің онжылдық бағдарламасының» екінші жартысын іске асыруға жаңа күш қосуға өзіндік үлес қосты деп үміттенеміз. 2005 жылы іске қосылған бұл бағдарлама төзімділікті, экономиканы жаңғырту мен жан-жақты реформалар жүргізуді нығайтуға, сонымен қатар басқару стандарттарын арттырып, адам құқықтарын қорғауға бағытталған», – дейді ҚР СІМ басшысы Е. Ыдырысов [6]. «Араб көктемі» ислам әлеміне жаңа даму лебін берді және бұл өзгерістердің мұсылман елдерінің оңтайлы даму арнасына бұру үшін «Іс-әрекеттердің онжылдық бағдарламасын» барынша ұтымды қолдану қажет. Бұл бағдарламада төзімділік, ынтымақтастық, экстремизм мен лаңкестікпен күрес, қақтығыстардың алдын алу және исламофобияға қарсы тұру сияқты өзекті мәселелер қарастырылған. Қазақстан мәдениетаралық және өркениетаралық үнқатысу идеяларын қолдайтын көпэтносты, көпконфессиялы мемлекет ретінде алдағы кезде бұл бағыттағы жұмысты жандандыра түсу ниетінде. ИЫҰ әлеуетін этностық және діни төзімділікті, нәсілшілдік пен исламофобияны еңсеру үшін барынша тиімді пайдалануға тырысты. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы өзінің көпұлтты ел сипатымен толеранттылық тәжірибесімен бөлісіп, дәстүрлі және әлемдік дін басшылар съезін жыл сайын өткізеді. Еліміздің бұл

халықаралық бастамасы ИЫҰ мүшелері тарапынан зор қолдауға ие.

Әсіресе осы соңғы тармақ бойынша, қазіргі кезде ислам әлеміндегі болып жатқан оқиғалардың ара қатынасын талдап көрейік. «Іс-әрекеттердің онжылдық бағдарламасы» ислам әлемінің өзара әрекеттестігін және ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған. «Араб көктемінде» бір мемлекетте болған толқулар басқа мемлекеттерде қолдау тауып, ислам әлемі жаңа демократиялық өзгерістерге бағытталған бір толқын сияқты болды.

Бірақ қарулы қақтығысқа айналып кеткен Либия мен Сирияда сыртқы күштер мүдделерінің тоғысуына байланысты ислам әлемі екіге бөлінгендей болды. Бір жағы Түркияның басшылығымен АҚШ саясатын қолдайтын мемлекеттер Сириядағы оппозицияны қолдап отырса, Иран және т.б. мемлекеттер Бас партиясының билікте қалуын жақтап отыр. Бұл ислам әлеміндегі толыққанды бірліктің жоқтығын байқатады.

Енді мұлыман уммасынан тыс болып жатқан оқиғаларда, мемлекеттердің ұстанымында да біркелкілік байқалмайды. Тіпті Палестина мәселесінде де қарама-қайшылық бар. Ал ол ИЫҰ-ның жариялаған мақсаттарына қайшы келеді:

– саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда ИЫҰ-ға мүше ислам мемлекеттерінің арасындағы ислам тілектестігін және ынтымақтастығын күшейту бойынша бірлескен әрекеттер;

– исламның негізгі қағидаларынан туындайтын бейбіт саясат;

– исламның құндылықтарын сақтауға, өз бостандығы және тәуелсіздігін қорғаудағы мұсылман халықтарын қолдауға, атап айтқанда, Палестина халқын қолдау және Палестинадағы ислам қасиетті жерлерін сақтауға бағытталған бірлескен күш-жігер.

Ислам әлемінің алдында экономикалық қысымдарға қарсы тұру мен жаңа әлемдік тәртіпке бірігіп кіру міндеті тұр. Оларды біріктіретін идеялық негізі – ислам, яғни исламның мұсылман халқының ағайындығы, біртұтастығы идеясы. Осындай стереотиптің пайда болуының басты себебі – саясат, мәдениет және дін арасындағы байланыстың бүгінгі күнге дейін сақталуы болып табылады. Сондықтан

ислам әлеміне жат Батыстың демократиялық құндылықтары қоғамдық өмірге кіре алмайды. Ислам қоғам өмірінің барлық салаларын қамтыған. Қаншама ғасыр бойы қалыптасып бекіген халықтың тұрмыс-тіршілігін бірден өзгерту мүмкін емес.

Бірақ VII-XIV ғасырларда қалыптасқан «ислам бірлігі» тұжырымдамасы біраз өзгерістерге ұшырап, исламның дәстүрлі таралуына әсер етті. XIX ғасырдың соңында «ислам бірлігі» панисламизм доктринасының негізі болды. Ал қазіргі кезде елдердің саяси, экономикалық дербестігін нығайтудың теориялық негізі болып табылады.

XX ғасырдың 70-80 жылдары «ислам бірлігі» идеясы исламның саяси ықпалы мен ислам қозғалысының жандануына байланысты зор маңызға ие болды.

Жалпы алғанда, «ислам бірлігі» идеясының дамуында 2 бағыт белгіленген: «жандану» және «жаңғырту» [7]. Жандану немесе фундаменталистік бағытты ұстанғандар ислам дінінің барлық қоғам өмірінің салаларына енгізіп, дәстүрлердің сақталуын қолдайды. Ал модернистер, ислам дінін рухани, яғни саясаттан жат нәрсе деп қарастырады. Бірақ бұл екі ағымның ортақтығы – мұсылман әлемінің ислам идеясы негізінде бірігуі қажет.

Бірақ бүгінгі күнге дейін «ислам бірлігі» идеясы заманауи үдеріске жауап бермейді. Тек, 2005 жылы қабылданған «Іс-әрекеттердің онжылдық бағдарламасының» ислам әлемінің заманға сай бірігіп дамуына жол ашты. Негізінен, бағдарлама зияткерлік, саяси және экономикалық, мәдени саланы қамтитын екі бөлімнен тұрады. Бұл тұжырымдаманың жаңалығы – әйел құқықтарының мәселесі қарастырылған. Мұсылман әйелдерінің экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік саладағы қоғамда белсенділігін арттыру, әйел құқығын қорғау, гендерлік жікшілдікке жол бермеу және әйелдердің білім алуына мүмкіндік беру сияқты әрі өзекті, әрі маңызды мәселелерді қолға алды. Тіпті бағдарлама мұсылман мемлекеттерінде әйел құқықтарын қорғайтын ислам дін бейнесін жасауға шақырады. Осыны негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы «Ислам Давосы» аталып кеткен Астанада ИЫҰ шеңберінде VII Бүкіләлемдік Ислам экономикалық форумына әйелдерді шақырып, арнайы «Іскерлік әйелдер» басқосуы болды.

Бұл бағдарлама бүгінгі күні өтіп жатқан өзгерістерге сай, өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бірақ мемлекеттердің іс-шараларды орындау не орындамауы бұл екінші мәселе.

Қорыта келе, Қазақстанның ИЫҰ төрағалығы өзара тиімді болды. Қазақстан мұсылман әлеміне жаңғырту, заманауи даму үдерістерімен дем беріп, Батыс елдерімен қатынасты, ынтымақтастықты дамытуда көпір сияқты іс атқарып, ЕҚЫҰ төрағалығында жинаған бар тәжірибесімен бөлісті. Ал ол Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға ықпал етті. Қазақстанға қай салада болмасын, әсіресе экономика жағынан болашағы зор мұсылман әлемімен экономикалық қатынасты дамытуға, жаңа мүмкіндіктерді іске асыруға жол ашты.

Қазақстан ұйымды радикалды экономикалық және саяси өзгерістердің ауыр кезеңінде төрағалық етті. ИЫҰ-ға мүше мемлекеттері жас егеменді еліміздің бұл қадамын жоғары бағалады. Енді Астана ұсынған халықаралық бастамалар Джибуттиге тапсырылды.

Әдебиеттер

- 1 Председательство Казахстана в ОИС завершилось успешно http://www.khabar.kz/rus/politics/Predsedateljstvo_Kazahstana_v_OIS_zavershilosj_uspeshno.html
- 2 Аль-Файез Мохаммад Зияб. Роль Организации Исламкой Конференции в решении региональных проблем. Диссертация. М., 1990
- 3 Ten-Year Programme of Action http://www.oic-oci.org/page_detail.asp?p_id=228
- 4 В Казахстане могут разместить офис производственной безопасности ОИС http://news.headline.kz/chto_v_strane/v_kazahstane_mogut_razmestit_ofis_prodovolstvennoy_bezopasnosti_ois.html
- 5 <http://oic2011-2012.kz/index.prezidenta-respubliki-kazakhstan-nanazarbaeva-na-vii-vsemirnom-islamskom-ekonomicheskom-forume>
- 6 Қазақстан ИЫҰ-ға төрағалық ете отырып, ұйымның позициясын нығайтуға өз үлесін қосты <http://wap.bnews.kz/kk/news/post/110827/>
- 7 Аль-Файез Мохаммад Зияб. Роль Организации Исламкой Конференции в решении региональных проблем. Диссертация. – М., 1990.

А.Р. Алипбаев, Б. Шакеева
Вклад РК в «Десятилетней программы действий» ОИС

Данная статья рассматривает роль Казахстана в председательстве в ОИС СМВД. А также вклад действий нашей страны в рамках «Десятилетней программы действий по противостоянию вызовам, угрожающим мусульманской умме в XXI столетии». Казахстан вложил все усилия, чтоб возродить организацию и модернизировать экономическое и социальное положение мусульманских государств. Авторы анализируют суть концепции «исламского единства» и актуальность этой проблемы после массовых выступлений протеста, охвативших арабский мир в 2011–2012 гг., известных как «Арабская весна».

Ключевые слова: ОИС, ОИК, Казахстан, внешняя политика, председательство.

A. Alipbayev, B. Shakeyeva
The investment of Kazakhstan in the «Ten-Year Programme of Action» OIC

This article considers the role of Kazakhstan in the chairmanship of the OIC Council of Foreign Ministers. As well as the contributions and actions of our country in the framework of the “Ten-Year Programme of Action to counter the challenges threatening the Muslim Ummah in the twenty-first century.” Kazakhstan has put all efforts to revive and modernize the organization of economic and social situation of Muslim states. The authors analyze the essence of the concept of “Islamic unity” and the relevance of this problem, after mass protests that swept the Arab world in 2011-2012., Known as the “Arab Spring.”

Keywords: the OIC, the OIC, Kazakhstan, foreign policy, the chairmanship